

"Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 455 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 39 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 399 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 105 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25936 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 405-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 76 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 04.09.2024 № 405-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 17.09.2024 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 455 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 39 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17674 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі

– Өлшемшарттары) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 3-бөлігіне және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелді) сәйкес әзірленді."

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқалар)" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген теле-, радиокөпманияларға қатысты Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген телерадио хабарларын тарату ператорларына қатысты Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ А. Иргалиев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

_____ А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 105 мен
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрі
2021 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 399 Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
телерадио хабарларын тарату
туралы заңнамасының
сақталуына тәуекел дәрежелерін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқалар)" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Жарнаманы қоспағанда, отандық телебағдарламалардың саны отандық телеарналардың телерадио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде елу пайыздан кем болатын	елеусіз
	Отандық радиоарналардың радио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде, жарнаманы	

2.	<p>қоспағанда, қазақстандық авторлардың не орындаушылардың музыкалық шығармаларының және отандық радиобағдарламалардың саны:</p> <p>1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – қырық бес пайыздан кем болатын;</p> <p>2) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – елу пайыздан кем болатын</p>	елеусіз
3.	<p>Кадр алаңының жиырма бес пайызынан асатын және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзатын коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың мөлшері</p>	елеусіз
4.	<p>Жүгіртпе жолды, әлеуметтік жарнаманы, үшінші тұлғалардың жарнамасын қамтымайтын, теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды), теле-, радиоарна дайындаған және өткізетін іс-шаралар туралы хабарландыруды, сондай-ақ тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталау жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы қоспағанда, тәулігіне хабар таратудың жалпы көлемінің жиырма пайызынан асатын, жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған теле-, радиоарналардағы жарнаманы тарату</p>	елеусіз
5.	<p>Жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған телеарналарда тәулік ішінде жарнама таратудың жалпы көлемінің отыз пайызынан асатын телесауданы тарату</p>	елеусіз
6.	<p>Жарнаманы қосарластыру түрінде, оның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен пайдалану кезінде оның көлемі кадр алаңының жеті жарым пайызынан асатын және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзатын жарнаманы тарату</p>	елеусіз

7.	Телерадио хабарларын тарату операторының міндетті теле-, радиоарналарды цифрлық хабар таратуда бірінші және одан да астам саннан бастап рет сандарында және аналогтық хабар таратуда арналар жиілігін бөлу кестесінің басында орналастыру жолымен басым емес етіп орналастыруы	елеусіз
8.	Өз атауын жарияламай, ал үздіксіз хабар тарату кезінде тәулігіне кемінде төрт рет теле -, радиоарналардың эфирге шығуы	елеулі
9.	Басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмайтын уақыт бойынша қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемі	елеулі
10.	Басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем қазақ тіліндегі теле -, радиобағдарламалардың жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығындағы көлемі	елеулі
11.	Басқа тілдерде таратылатын жарнаманың жиынтық көлемінен кем жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрбір алты сағат сайын уақыт аралығындағы қазақ тіліндегі көлемі	елеулі
12.	Теле-, радиоарнаның меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күнінен бастап алты ай ішінде теле-, радиобағдарламаларды тарату мерзімін өткізуі	елеулі
13.	Жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарлама жергілікті уақытпен сағат он алтыдан жиырма екіге дейінгі кезеңде сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етпеу жөніндегі талапты сақтамау	елеулі
14.	Телеарналарда орналастырылатын міндетті хабарларды сурдоаудармамен немесе	елеулі

	субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етпеу	
15.	Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы көлемде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан асатын теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялауы	елеулі
16.	Жұмысқа қабылдау үшін еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыру	елеулі
17.	Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз аналогтік эфирлік радиохабарларды тарату арқылы радиоарналарды тарату	елеулі
18.	Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз эфирлік цифрлық телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы	елеулі
19.	Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы	елеулі
20.	Телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз кабельдік және	елеулі

	эфирлік-кабельдік телерадио хабарларды тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы	
21.*	Мәлімделген техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін телерадио хабарларын тарату сигналын қабылдайтын және беретін радиоэлектрондық құралдарды пайдалану арқылы өзге де радиотаратушы және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуіл жасау	елеулі
22.*	Телерадио хабарларды тарату операторларының спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға рұқсат және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия болмаған кезде теле-, радиоарналарды таратуы	елеулі
23.	Балаларға тыйым салынған: балаларды өміріне және (немесе) денсаулығына қатер төндіретін әрекеттер жасауға, оның ішінде суицидке итермелейтін; балаларды қоғамға жат және құқыққа қайшы әрекеттерге арандататын; арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы; сексуалдық зорлық-зомбылықтың сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын; нормативтік емес лексиканы қамтитын; балалар арасында таратуға Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен тыйым салынған "18 жастан бастап" жас санатына жатқызылған, ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді жергілікті уақыт бойынша сағат 6.00-ден 22.00-ге дейін телерадио хабарларын тарату арқылы тарату	өрескел
	Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын тарату операторларының шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде:	

24.	<p>1) әлеуметтік жарнаманы; 2) тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталау жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы; 3) тек қана жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылған шетелдік теле-, радиоарналар тарататын жарнаманы қоспағанда жарнаманы тарату</p>	өрескел
25.	Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметі туралы жарнаманы орналастыру	өрескел
26.	Темекі және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамалау	өрескел
27.	Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді жарнамалау	өрескел
28.	Электрондық казино мен интернет-казиноны жарнамалау	өрескел
29.	Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) нәтижесінде зардап шеккен бала туралы және әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату	өрескел
	Ресми хабарламалардың, Қазақстан Республикасы Президенттігіне және өкілді органдар депутаттығына кандидаттар сөздерінің, білім беру	

30.	және діни телебағдарламалардың трансляциясын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған жарнамаларды қоспағанда, балалар телебағдарламалары көрсетілімдерін жарнамамен, оның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен бөлу	өрескел
31.	Ұлттық аза тұту күндерінде теле-, радиоарналарында жарнаманы тарату	өрескел
32.	Теле-, радиобағдарлама басталғанда, сондай-ақ ол бөлінгеннен кейін әрбір қайта басталған кезде жас санаты белгісін көрсетпей немесе жас санатын хабарламай ақпараттық өнімді телерадио бағдарламалары арқылы тарату	өрескел
33.	Телерадио хабарларын тарату операторларының уәкілетті органда есепке қойылмаған теле-, радиоарналарды таратуы	өрескел
34.	Телерадио хабарларын тарату операторларының уәкілетті органда есепке қойылмаған шетелдік теле-, радиоарналарды таратуы	өрескел
35.	Міндетті теле-, радиоарналарды трансляциялаудың және (немесе) ретрансляциялаудың ұлттық телерадио хабарларын тарату операторында, сондай-ақ кабельдік телерадио хабарларын тарату операторлары мен міндетті теле-, радиоарнаның құқық иесі-теле -, радиокөмпания арасындағы өзара есепке алу негізінде кабельдік телерадио хабарларын тарату операторларында болмауы	өрескел
36.	Қазақстан Республикасының заңдарында жарнамалауға тыйым салынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын тарату	елеулі
	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауының жарнамасын жергілікті уақыт бойынша кешкі сағат жиырма екіден бастап таңғы сағат	

37.	<p>алтыға дейінгі кезеңде (балалар мен діни арналарды қоспағанда): трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау уақытында жарнама алаңының (кеңістігінің) кемінде он пайызында шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескертусіз;</p> <p>саламатты өмір салтын танымал ету жөніндегі екі әлеуметтік жарнаманы қоса бермей;</p> <p>радиоарналардағы жарнамада, оның трансляциялануы аяқталғанда, шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескертетін хабар қоса бермей тарату</p>	елеулі
38.	<p>Шарапты жарнамалайтын еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты; кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілген (жазылған), оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалған;</p> <p>кәмелетке толмағандарға бағытталған;</p> <p>шараптың емдік қасиеттері бар деп сендіретін, оны шамадан тыс тұтынуды көтермелейтін;</p> <p>шарапты тұтынудан тартынуды айыптайтын;</p> <p>шарапты тұтыну өзара қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендіретін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасын тарату</p>	өрескел
39.	<p>Радиодағы жарнаманы қоспағанда, тиісті тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ лицензиялауға жататын жарнама берушінің өзінің жарнамасын лицензия нөмірі мен лицензия берген органның атауы көрсетілмей тарату</p>	елеулі
40.	<p>Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі),</p>	елеулі

	жосықсыз бәсекелестік жағдайларды қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы тарату	
41.	Бейәдеп және жасырын жарнаманы тарату	елеулі
42.	Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалану	елеулі
43.	Хабар тарату уақытының бір сағаты ішінде жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі жалпы ұзақтығы жиырма пайыздан асатын тәулігіне жарнаманы таратудың жалпы көлемінде жарнаманы тарату	елеулі
44.	Міндетті теле-, радиоарналарда өтеусіз негізде орналастырылатын әлеуметтік жарнаманың күнделікті көлемі жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап есептелетін, ұзақтығы алты сағат уақыт аралығында міндетті түрде екі рет шыға отырып, жергілікті уақытпен таңғы сағат алтыдан бастап есептелетін, ұзақтығы он сегіз сағат уақыт аралығында кемінде он рет шығумен тарату	елеусіз
45.	Әлеуметтік жарнаманың Қазақстан Республикасының аумағында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде эфирге оның күн сайынғы шығатын барлық уақыты бойы біркелкі емес таратылуы	елеусіз
	Әлеуметтік жарнаманы және кәметке толмағандарға арналған	

46.	тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмететке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмететке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға	елеулі
47.	Демеушілер туралы айту ұзақтығы – әрқайсысы туралы үш секундтан , телебағдарламаларда таратылатын әлеуметтік жарнамада әрқайсысы туралы үш секундтан астам ұзақтықты еске ала отырып, әлеуметтік жарнама алаңының тарату және мұндай айтуға – кадр алаңының жетіден асатын пайызы, ал басқа да тәсілдермен таратылатын әлеуметтік жарнамада жарнама алаңының (кеңістігінің) бестен асатын пайызы бөлінуге тиіс	елеусіз
48.	Жарнамаларды трансляциялау кезінде дыбысты арттыру	елеулі
49.	Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы,	елеусіз

жеке және заңды тұлғалар туралы
айтыла отырып, әлеуметтік
жарнамаларды тарату

*Ескертпе: Телерадио хабарларын тарату субъектілерін (объектілерін) бақылауды телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 105 мен
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрі
2021 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 399 Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 455 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 39 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Теле-, радиокөпманияларға қатысты Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

саласында/аясында 138-бабына сәйкес

қатысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	Жарнаманы қоспағанда, отандық телебағдарламалардың саны отандық телеарналардың телерадио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінің елу пайыздан кем болатын талаптың сақталуы				
	Отандық радиоарналардың радио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде, жарнаманы қоспағанда, қазақстандық авторлардың не орындаушылард				

2.	<p>ың музыкалық шығармаларының және отандық радиобағдарламалардың саны:</p> <p>1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – қырық бес пайыздан кем болатын;</p> <p>2) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап –елу пайыздан кем болатын талаптың сақталуы</p>				
3.	<p>Кадр алаңының жиырма бес пайызынан аспайтын және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзбайтын коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың мөлшері бойынша талаптың сақталуы</p>				
	<p>Жүгіртпе жолды, әлеуметтік жарнаманы, үшінші тұлғалардың жарнамасын қамтымайтын, теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды), теле-, радиоарна дайындаған және өткізетін іс-шаралар</p>				

4.	<p>туралы хабарландыруды, сондай-ак тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталау жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы қоспағанда, тәулік ішінде берілетін хабарлардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан асатын, жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған теле-, радиоарналардағы жарнаманы таратпау бойынша талаптың сақталуы</p>				
5.	<p>Жарнама сипатындағы хабарларға және материалдарға мамандандырылмаған телеарналарда тәулік ішінде жарнама таратудың жалпы көлемінің отыз пайызынан асатын телесауданы таратпау бойынша талаптың сақталуы</p>				
	<p>Жарнаманы қосарластыру түрінде, оның ішінде жүгіртпе</p>				

6.	<p>жол тәсілімен пайдалану кезінде оның көлемі кадр алаңының жеті жарым пайызынан асатын және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзатын жарнаманы тарату бойынша талаптың сақталуы</p>				
7.	<p>Теле-, радиоарналардың өз атауын жарияламай шығуына жол бермеу, ал үздіксіз хабар тарату кезінде тәулігіне кемінде төрт рет эфирге шығуы бойынша талаптарды сақтау</p>				
8.	<p>Басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмайтын уақыт бойынша қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемі бойынша талаптың сақталуы</p>				
	<p>Басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың жиынтық</p>				

9	<p>көлемінен кем қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығындағы көлемі көлемі бойынша талаптың сақталуы</p>				
10	<p>Басқа тілдерде таратылатын жарнаманың жиынтық көлемінен кем болмайтын қазақ тіліндегі жарнаманың жергілікті уақыт нөл сағаттан бастап есептелетін, әрбір алты сағат сайын уақыт аралықтарындағы көлемі бойынша талаптың сақталуы</p>				
11.	<p>Теле-, радиоарнаның меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күнінен бастап алты ай ішінде теле-, радиобағдарламаларды тарату мерзімін өткізуге жол бермеу бойынша талаптың сақталуы</p>				

12.

Балаларға тыйым салынған :
Балалардың өміріне және (немесе) денсаулығына қатер төндіретін әрекеттер жасауға, оның ішінде суицидке итермелейтін; балаларды қоғамға жат және құқыққа қайшы әрекеттерге арандататын; арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы; сексуалдық зорлық-зомбылықтың сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын; нормативтік емес лексиканы қамтитын; балалар арасында таратуға Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен тыйым салынған "18 жастан бастап" жас санатына жатқызылған, ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді жергілікті уақыт бойынша сағат 6.00-ден 22.00-ге дейін телерадио хабарларын тарату арқылы

	таратуға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы				
13.	Телерадио хабарларын тарату операторы мен теле-, радиокөмпания арасында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды таратуға жасалған шарттың болуы				
14.	Жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарлама жергілікті уақытпен сағат он алтыдан жиырма екіге дейінгі кезеңде сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы				
15.	Телеарналарда орналастырылатын міндетті хабарларды сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз ету				
	Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы көлемде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарлам				

16.	алардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан асатын теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау хабарларын тарату бойынша талаптың сақталуы				
17.	Жұмысқа қабылдау үшін еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыруға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы				
18.	Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметі туралы жарнаманы таратуға тыйым салу бойынша талаптың сақталуы				
19.	Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді жарнамасын таратуға тыйым салу бойынша талаптың сақталуы				
	Темекі және темекі бұйымдарын,				

20.	оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамасын таратуға тыйым салу бойынша талаптың сақталуы				
21.	Электрондық казино мен интернет-казино жарнамасын таратуға тыйым салу бойынша талаптың сақталуы				
22.	Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникация желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) нәтижесінде зардап шеккен бала туралы және әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық				

	<p>бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты таратпау бойынша талаптардың сақталуы</p>				
23.*	<p>Теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларды беру сапасын қамтамасыз ету</p>				
24.*	<p>Теле-, радиоарналарды тарату үшін телерадио хабарларын таратудың сәйкестікті растау рәсімінен өтпеген техникалық құралдарын пайдалануға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы</p>				
25.	<p>Телерадио хабарларын тарату операторы мен теле-, радиокөмания немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шартсыз теле-,</p>				

	<p>радиоарнаны, теле-, радиобағдарлам аны ретрансляциялау ға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы</p>				
26.	<p>Теле-, радиокомпаниял ардың және телерадио хабарларын тарату операторларыны ң меншік нысанына қарамастан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде халықты құлақтандыруда н бас тартуы</p>				
27.	<p>Трансляциялана тын және ретрансляцияла натын теле-, радиобағдарлам аларды жазып алу және алты ай бойы сақтау</p>				

	туралы талаптың сақталуы				
28.	<p>Жарғылық капиталында толық немесе ішінара мемлекеттік акциялар (қатысу үлестері, пайлар) пакеті бар Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік теле-, радиоарналардың меншік иелерінің, сондай-ақ олармен үлестес тұлғалардың - Қазақстан Республикасының аумағында жарғылық капиталына шетелдік заңды тұлғалар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) пакеті жиырма пайыздан аспай қатысатын заңды тұлғаның қызметі бойынша талаптың сақталуы</p>				
	<p>Р е с м и хабарламалардың, Қазақстан Республикасы Президенттігіне және өкілді органдар депутаттығына кандидаттар сөздерінің, білім беру және діни телебағдарламалардың трансляциясын,</p>				

29.	сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған жарнамаларды қоспағанда, балалар телебағдарламалары көрсетілімдерін жарнамамен, оның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен бөлуге жол бермеу бойынша талаптардың сақталуы				
30.	Ұлттық аза тұту күндерінде теле-, радиоарналарында жарнаманы таратуға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы				
31.	Теле-, радиобағдарлама басталғанда, сондай-ақ ол бөлінгеннен кейін әрбір қайта басталған кезде жас санаты белгісін көрсетпей немесе жас санатын хабарламай ақпараттық өнімді телерадио бағдарламалары арқылы таратпау бойынша талаптың сақталуы				
32.	Уәкілетті органның хабарламаларын, анықтамаларын, нұсқамаларын,				

	<p>ұйғарымдарын, қорытындылары н орындау</p>				
33.	<p>Қазақстан Республикасын ы ң заңнамасында жарнамалауға тыйым салынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын таратпау бойынша талаптың сақталуы</p>				
34.	<p>Қазақстан Республикасын ың аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауының жарнамасын жергілікті уақыт бойынша кешкі сағат жиырма екіден бастап таңғы сағат алтыға дейінгі кезеңде (балалар мен діни арналарды қоспағанда): трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау уақытында жарнама алаңының (кеңістігінің) кемінде он пайызында шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескертусіз; саламатты өмір салтын танымал</p>				

	<p>ету жөніндегі екі әлеуметтік жарнаманы қоса бермей; радиоарналардағы жарнамада, оның трансляциялануы аяқталғанда, шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескертетін хабарсыз таратпау жөніндегі талаптың сақталуы</p>				
35.	<p>Шарапты жарнамалайтын; еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты; кәмелетке толмағандардың қатысуымен (түсірілген (жазылған), оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалған; кәмелетке толмағандарға бағытталған; шараптың емдік қасиеттері бар деп сендіретін, оны шамадан тыс тұтынуды көтермелейтін; шарапты тұтынудан тартынуды айыптайтын; шарапты тұтыну өзара</p>				

	<p>қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендіретін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасын таратуға тыйым салу жөніндегі талаптың сақталуы</p>				
36.	<p>Радиодағы жарнаманы қоспағанда, тиісті тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ лицензиялауға жататын жарнама берушінің өзінің жарнамасын лицензия нөмірі мен лицензия берген органның атауы көрсете отырып, тарату бойынша талаптың сақталуы</p>				
37.	<p>Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), жосықсыз бәсекелестік жағдайларды</p>				

	қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы таратпау бойынша талаптың сақталуы				
38.	Бейәдеп және жасырын жарнаманы таратпау бойынша талаптың сақталуы				
39.	Қазақстан Республикасын ың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді , соғысты, элеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбыл ықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасын ың мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалануға жол				

	бермеу бойынша талаптың сақталуы				
40.	Хабар тарату уақытының бір сағаты ішінде жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі у а қ ы т кезеңіндегі жалпы ұзақтығы жиырма пайыздан асатын тәулігіне жарнаманы таратудың жалпы көлемінде жарнаманы тарату бойынша талаптың сақталуы				
41.	Міндетті теле-, радиоарналарда өтеусіз негізде орналастырылатын әлеуметтік жарнаманың күнделікті көлемі жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап есептелетін, ұзақтығы алты сағат уақыт аралығында міндетті түрде екі рет шыға отырып, жергілікті уақытпен таңғы сағат алтыдан бастап есептелетін, ұзақтығы он сегіз сағат уақыт аралығында кемінде он рет шығумен тарату				

	бойынша талаптың сақталуы				
42.	<p>Әлеуметтік жарнаманың Қазақстан Республикасының аумағында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде эфирге оның күн сайынғы шығатын барлық уақыты бойы біркелкі тарату бойынша талаптың сақталуы</p>				
43.	<p>Әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе</p>				

	<p>дыбыстық пайдалануға таратпау бойынша талаптың сақталуы</p>				
<p>44.</p>	<p>Радиобағдарламаларда таратылатын әлеуметтік жарнамада демеушілер туралы айту ұзақтығы – әрқайсысы туралы үш секундтан, телебағдарламаларда, кино және бейне қызмет көрсету кезінде таратылатын әлеуметтік жарнамада әрқайсысы туралы үш секундтан аспауға тиіс және мұндай айтуға – кадр алаңының жетіден аспайтын пайызы, ал басқарылатын таратылатын әлеуметтік жарнама жарнама алаңының (кеңістігінің) бестен аспайтын пайызы бөлінуге тиіс. Көрсетілген шектеулер әлеуметтік жарнамада өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне</p>				

	қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайтын талаптың сақталуы				
45.	Трансляцияланатын бағдарламаның дыбысы дауыстап жарнамаларды трансляциялау кезінде дыбысты көтермеу бойынша талаптың сақталуы				
46.	Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес				

<p>ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтылмай, әлеуметтік жарнамаларды тарату бойынша талаптың сақталуы</p>				
--	--	--	--	--

*Ескертпе: Телерадио хабарларын тарату субъектілерін (объектілерін) бақылауды телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы _____

лауазымы қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2021 жылғы 9 желтоқсандағы
 № 105 мен
 Қазақстан Республикасы
 Ақпарат және қоғамдық даму
 министрі
 2021 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 399 Бірлескен бұйрыққа
3-қосымша
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 455 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 39 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Телерадио хабарларын тарату операторларына қатысты Қазақстан Республикасының
телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау
саласындағы тексеру парағы**

— Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

— саласында/аясында 138-бабына сәйкес

— қатысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

— Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық
бақылауды тағайындау туралы акт _____

— №, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

— _____

— (Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-
сәйкестендіру нөмірі

— _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	<p>Міндетті теле-, радиоарналарды трансляциялаудың және (немесе) ретрансляциялаудың ұлттық телерадио хабарларын тарату операторында, сондай-ақ кабельдік телерадио хабарларын тарату операторлары мен міндетті теле-, радиоарнаның құқық иесі-теле-, радиокомпания арасындағы өзара есепке алу негізінде кабельдік телерадио хабарларын тарату операторларында болмауы бойынша талаптың сақталуы</p>				
	<p>Телерадио хабарларын тарату операторының міндетті теле-, радиоарналарды цифрлық хабар таратуда бірінші және одан да астам саннан</p>				

2.	<p>бастап рет сандарында және аналогтық хабар таратуда арналар жиілігін бөлу кестесінің басында орналастыру жолымен басым емес етіп орналастыруға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы</p>				
3.	<p>Қазақстан Телерадио хабарларын тарату операторлары Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) әлеуметтік жарнаманы; 2) тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталау жазбасында трансляцияланатын оқиғаны орнында орналастырылатын жарнаманы; 3) тек қана жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылған шетелдік теле-, радиоарналар тарататын жарнаманы қоспағанда, жарнаманы таратпау 				

	бойынша талаптың сақталуы				
4.	Коммерциялық мақсаттарды көздемейтін ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру бойынша ғимарат және (немесе) ғимараттар иелерінің жазбаша келісімінің болуы бойынша талаптың сақталуы				
5.	Коммерциялық мақсаттарды көздейтін теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру бойынша теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы бойынша талаптың сақталуы				
6.	Телерадио хабарларын тарату операторларының уәкілетті органда есепке қойылмаған теле-, радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы				
	Телерадио хабарларын тарату				

7.	<p>операторларының уәкілетті органда есепке қойылмаған шетелдік теле-, радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы</p>				
8.	<p>Жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз аналогтік эфирлік радиохабарларды тарату арқылы радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы</p>				
9.	<p>Жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз эфирлік цифрлық телерадио хабарларын тарату арқылы теле-,</p>				

	радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы				
10.	Жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға рұқсатсыз және телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы				
11.	Телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиясыз кабельдік және эфирлік-кабельдік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы				

12.	Телерадио хабарларын тарату операторы мен теле-, радиоккомпания арасында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды таратуға жасалған шарттың болуы				
13.*	Мәлімделген техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін телерадио хабарларын тарату сигналын қабылдайтын және беретін радиоэлектрондық құралдарды пайдалану арқылы өзге де радиотаратушы және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуіл жасау				
14.*	Телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға рұқсат және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия				

	болмаған кезде теле-, радиоарналарды таратпауы бойынша талаптың сақталуы				
15.*	Теле-, радиоарналарды тарату үшін телерадио хабарларын таратудың сәйкестікті растау рәсімінен өтпеген техникалық құралдарын пайдалану				
16.	Телерадио хабарларын тарату операторы мен теле-, радиокомпания немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шартсыз теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялауға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы				
	Теле-, радиокомпаниялардың және телерадио хабарларын тарату операторларының меншік нысанына қарамастан табиғи және техногендік				

17.	сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде халықты құлақтандырудан бас тартуы				
18.	Уәкілетті органның хабарламаларын, анықтамаларын, ұсынымдарын, нұсқамаларын, қорытындыларын орындау				

*Ескертпе: Телерадио хабарларын тарату субъектілерін (объектілерін) бақылауды телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы _____

лауазымы қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

